

Жамбыл облысы әкімдігінің 2006 жылғы 29 маусымдағы "Жамбыл облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін облыстық бюджеттен несиелеу Ережесін бекіту туралы" N 167 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 205 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 30 қазанда № 1669 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 30.01.2014 № 2 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жамбыл облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін бюджеттен несиелеу Ережесін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2006 жылғы 29 маусымдағы N 167 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 1643 болып тіркелген, 2006 жылғы 17 тамыздағы N 133-135 "Ақ жол" және N 128 "Знамя труда" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) осы қаулының кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу Ережесін бекіту туралы" N 110 қаулысына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу Ережесін бекіту туралы" N 225 қаулысына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Жамбыл облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін облыстық бюджеттік несиелеу Ережесінде:

бүкіл мәтін бойынша ""Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына" деген сөздер ""Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 тармақта "бюджеттік кредит мерзімі өтеуге дейінгі мерзіммен тең" деген сөздер "бюджеттік кредит мерзіміне сәйкес келетін айналыс мерзімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"5. Қарыз алушы банк белгілеген түпкі қарыз алушыға арналған сыйақы ставкасының мөлшері осы Ереженің 4-тармағына сәйкес белгіленген екі еселенген сыйақы ставкасынан аспауы тиіс".

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы *О б л ы с* *Ә к і м і н і ң*
А. Савченко